

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІ!



ТҰРПАЖ – ҚАЗАЛЫ

№61
(2126)
Бейсенбі
6 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қазалылықтар!

Сіздерді 6 шілде – Астана күнімен
шын жүректен құттықтаймын!

Біздің астанамыз мемлекетіміздің
басты мақтанышы, әрі символы. Бұл
кең-байтақ отанымыздың жүрегі. Сан
ғасырдан бері азаттықты аңсаған рух-
ты бабаларымыздың арманы болған
елдің ордасы, ұлттық нақыштағы
қайталанбайтын әсемдікке тұнған
айрықша қала.

Астана қаласы – саяси көшбасшылар,
іскерлік серіктестер мен инвесторлар,
діндер мен конфессия өкілдері, зия-
лы қауымның кездесіп, кеңес құратын
орны, шығармашылық жоспарларды,
инновациялық идеялар мен батыл ба-
стамаларды жүзеге асыру алаңы.



Құрметті жерлестер!

Біздің жас та көркем, қадамы нық
қаламыздың жыл өткен сайын маңызы
артып, мәртебесі өсе түсуде.

Қай-қайсымыз да Елорданың та-
рихымен, дәстүрімен, мәдениетімен
және қайталанбас қолтаңбасымен
мақтанамыз.

Баршаңызды осы қуанышты мереке-
мен тағы да құттықтаймын!

Сіздерге мықты денсаулық, баян-
ды бақыт, бейбітшілік пен молшылық
тілеймін!

Туымыз тұғырлы, еліміз ғұмырлы
болсын!

Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі,
Мұхтар Оразбаев

АСТАНА – БАС ҚАЛА

Қазіргі таңда еліміз көркейіп,
гүлденуде. Тәуелсіздік алғалы
қарыштап, дамып келе жатқан
Қазақстанды бүкіл әлем халқы
мойындағандай. Соның бір
дәлелі көрікті, сұлу қаламыз
елордамыз – Астана. Елорда
көркімен де, көшбасшылығымен
де төрткүл дүниені мойындатқан
қала. Биыл Ақмола қаласының
Астана атанғанына 25 жыл.

Осы жылдар ішінде қаншама
қарқынды жұмыстар атқарылып,
елордамыз одан әрі құлпыра
түсті. Керемет ғимараттар
бой көтеріп, барлығы таңдана
қарайтындай әсем қалаға ай-
налды. Сонымен қатар елімізде
әр жыл сайын 6-шы шілде - Аста-
на күні болып тойланып келеді.
Бұл мерекені еліміздің барлық
өңірлері жоғары деңгейде атап
өтеді. Мереке қарсаңында әртүрлі
концерттік бағдарламалар мен
көңілді кештер, оташулар
ұйымдастырылады.

Осындай тәуелсіз, зайыр-
лы мемлекетте өмір сүріп
жатқанымыз ата-бабаларымыздың
білегінің күшімен кең байтақ
жерді сақтап қалғанының арқасы
екенін ұмытпағанымыз жөн.
Тәуелсіздігіміз ұзағынан бол-
сын!

Келіп жеткен мерекемен бар-
ша қазақстандықтарды шын
жүректен құттықтаймын! Еліміз
аман, жұртымыз тыныш бол-
сын!

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДАМ

Еліміздің астанасы Астана
менің жүрегіме жақын. Өйткені
ең алғаш 1997 жылы студенттік
күндерім басталғанда Көкшетау
– Астана поездына отырып, ең
алғаш аяғым тиген киелі мекен.
1998 жылы Астана қаласының
ашылу салтанатының да куәсі
болғанмын. Сол уақыттан бері
Астанаға жолым түсіп тұрады.
Биыл менің Астана қаласына
баруға жолым түсті. Астанаға
2014 жылдан бері келіп
тұрғаным екен. Бас қаламыз
ажарланып, айшықталған.
Ақ қарға оранған әсем қала
адамды еріксіз баурайды.
Іс – сапарымда елордамыз-
ды аралауды Қазақстан
мен Орталық Азиядағы ең
үлкен жаңа мешіттен ба-
стадым. Жаңа мешіт ЭКСПО
қалашығына жақын екен. Көк
түсті бас күмбездің биіктігі
83,2 метр, диаметрі 62 метр.
Төрт мұнара биіктігі – 130
метр. Әр мұнарадағы бес бөлік
исламның бес тірегі иман, на-
маз, ораза, зекет, қажылықты
бейнелейді. Мешіттің кіреберіс
есігі әлемдегі ең биік ағаш
есік болып саналады. Ол Аф-
рикада өсетін тропикалық
қатты ағаштан жасалынған.
Есіктің биіктігі 12,4 метр,
салмағы бір жарым тонна.
Есіктері қазақтың ұлттық ою-
өрнектерімен көмкерілген. Ал
сыртқы қабырғалары көгілдір
түске боялып, араб жазумен
өрнектелген. Мешіттің ди-
заины, Құран аяттарының

қабырғаларға жазылуы кере-
мет үйлесім тапқан. Мешіттен
керемет рухани әсер алып
шықтым.

Мұнан кейін аялдаған жерім
– Қазақстан Республикасының
Ұлттық академиялық
кітапханасы. Кітапханадағы
құнды мұражай залында нағыз
құнды кітаптарды, қазақтың
мәдениеті мен өнерін
айтқызбай түсіндіретін
көрмелер ерекше әсер берді.
«Адамды адам еткен кітап,
адамзат еткен кітапхана»
деп жазушы Әбіш Кекілбаев
айтқандай, жазушының за-
лына кіргенде әрбір адамның
рухани болмысы ашылғандай.
Ал «Қалқам, жазуды әркім өзінің
білгенінше, шамасы келгенінше
жазады ғой. Ауыз менікі екен
деп көпіріп сөйлей берген
секілді «ақ парақ, қара қалам
қолымда, не істесем де ерік
өзімде» деп жаза бергеннен не
пайда?! Қазақ бұны «су» дейді,
орыстар «жир – май» дейді.
Лев Толстойдың өзі осы «май-
мен» өмір бойы күресіп өткен.
Сонда да жеңе алмай кеткен» -
деп айбынды аралдық жазушы,
«Қан мен тер» трилогиясымен
әлемге танылған Әбдіжәміл
Нұрпейісов атындағы залға
енгенде жазушыға деген
сағыныш жүректі толқытып, ай-
бынды Аралдың толқынындай
толқыдым. Залдың
безендірілуінің өзі адамды
еріксіз тебірентеді. Әбдіжәміл
атаның жұмыс үстеліне

отырғанымдағы сезімді ауыз-
бен айтып жеткізе алмаймын.
Ұлы жазушының рухы күллі
қазақты қорғап жүргендей!

Жазушы залы Ұлы даланың
таудай тарихы мен көлдей
терең көркемдігіне тұңғыш
болып құдіретті қаламымен
жол бастаған, әлемдегі
миллиондаған оқырманға
ұлтының тарихын танытқан
қазақ тарихи прозасының хас
шебері Дүкенбай Досжанға
арналған. «Қазақстандағы ең
оқырманы көп жазушы» де-
ген атқа ие болған Дүкенбай
аға Досжан залына кіргенде
Сырдың суын кешкендей бол-
дым. Кіре берістегі Сырда-
рия өзенінің сылдырап аққан
суы мен дария жағасында өсіп
тұрған ағаш жазушының туған
жерін айтқызбай табатындай.

Келесі аялдаған жерім –
ЭКСПО қалашығы. Оны тілмен
айтып жеткізуге бір күн, бір ай
жетпес. 8 қабатты аралағанда
әлемнің сегіз кереметін
аралағандай әсер алдым.
Еліміздің мектептеріндегі
барлық 7-9 сынып оқушыларын
осы қалашыққа саяхат-
татса, оқушылардың ғылым
мен технологияға еріксіз
қызығушылықтары оянар еді
деген ой түйдім.

Менің
Астана күні құтты болсын!

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
«Тұран-Қазалы» газетінің
штаттан тыс тілшісі

ҚАЗАЛЫДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Ұлттық салт-дәстүрімізбен үндесіп жатқан асыл дініміздің құндылықтарын дәріптейтін мешіт мұсылман қауымы үшін қай кезде де киелі орын саналады.

Қасиетті Құрбан айт мерекесінде аудан орталығы - Әйтеке би кентінің шығыс беткейінде асарлатып салынған «Халық» атындағы жаңа мешіттің салтанатты ашылуы болып өтті.

Көпшілік бас қосқан шараға арнайы барған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ізгілікке, мейірбандылыққа шақыратын мешіт қызметінің маңызы зор екендігіне тоқталып, мешіттің салынуына белсене атсалысқан азаматтарға аудан әкімінің «Құттықтауы» мен арнайы сыйлығын табыстады.

-Баршаңызды исі мұсылман қауым үшін қасиетті мереке – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Міне, осындай ерекше күнде біз Сіздермен «Халық» атындағы мешіттің ашылуына куә болғалы отырмыз. Жүрегі ізгілікке толы жандардың аманатымен, бастамасымен қолға алынған «Халық» атындағы мешіттің бой көтеруіне



қарапайым халықтың қосқан еңбегі орасан.

«Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» ауызбіршіліктің ерен үлгісін көрсетіп, имандылық үйінің салынуына аянбай тер төккен азаматтарға ерекше алғысымды білдіремін, - деді аудан басшысы.

Аталған шарада сөз алған Қызылорда облысының бас имамы Абуов Болатбек қажы асыл дініміздің құндылықтарын дәріптейтін мешіт үйінің

жамағатпен көрікті болатынын айтып, жастар үшін ата-ананы сыйлап, құрмет тұтуға үндейтін ілім алуына мүмкіндік жасалғанына қуанышты екендігін жеткізді.

Сонымен бірге, «Халық» атындағы жаңа мешіттің бас имамы болып бұған дейін «Әли-Муса» мешітінің бас имамы қызметін атқарып келген Бақытжан Қаниевтың тағайындалғанын айтты.

Басқосуда аудандық ардагер-

лер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов тұрғындарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, жүрек жарды лебізін жеткізді.

Сондай-ақ, ҚР ішкі істер министрлігінің Құрметті ардагері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Беганыш Жақсыбай мен игілікті істің басында жүрген бір топ азаматтарда ыстық ықыластарымен бөлісті. Мұнан соң жаңа мешіттің ашылу салтанатының лентасы қиылып, құран оқылып, қонақтар ғимаратпен танысты.

Осылайша Әйтеке би кентінен бой көтеріп, заманауи үлгіде салынған «Халық» атындағы мешіт Құрбан айт мерекесінде жамағатқа есігін айқара ашты. Мұнда 700 адамдық қатымхана, неке қию залы, сүндеттеу бөлмелері және 350 адамға арналған асхана жұмыс істейді.

Айта кетейік, мешіттің ашылуына орай ұлттық спорт түрінен сайыстар және құран жаттау жарысы өткізілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АСТАНАДА АЛҒАШ РЕТ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ



Өткен аптаның бейсенбісінде елордада алғаш рет «AMANAT» партиясынан сайланған еліміздің барлық деңгейдегі және барлық өңірлеріндегі мәслихат депутаттарының форумы өтті. Оған екі мыңнан астам халық қалаулылары, сондай-ақ Үкімет басшысы, Мәжілісмендер, қоғам қайраткерлері мен «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты.

Күн тәртібінде ел Президентінің реформаларын жүзеге асыру аясында өңірлерді дамыту, сондай-ақ мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту мәселелері қаралды.

Саяси шарада «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов аманаттық депутаттар алдындағы бірқатар міндетті белгілеп, әкімдіктермен өзара тиімді қарым-қатынас жасауы тиіс екенін, себебі сайлауалды уәделерді орындау осыған келіп тірелетінін ерекше атап өтті.

- Мәслихат депутаттарының өкілеттілік аясы кең, олар өңірдің дамуына ықпал ете алады. Дәл осы мәслихат депутаттары облыс әкімін сайлайды, тексеру комиссияларын құрып, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен бюджетті бекітеді. Бұл – мәслихаттар әкімдіктермен қатар өңірлердегі өмір сапа-

сына жауапты деген сөз, - деді ол.

Сондай-ақ, форум аясында делегаттар үшін 11 панельдік оқыту сессиялары өткізілді. Әр сессияда халық қалаулылары жалпы міндеттер мен алдағы жұмыс бағыттарын талқылап қана қоймай, министрге, орталық мемлекеттік органның басшысына өздерін қызықтыратын кез келген сұрақты тікелей қоюға мүмкіндік алды.

Форум жұмысына ауданымыздан делегат ретінде «AMANAT» партиясынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Партия ұйымдастырған бұл форум бірінші кезекте мәслихат депутаттарына үлкен міндеттер жүктеді. Саяси іс-шара халық қалаулылары үшін аса пайдалы болмақ. Өйткені маңызды шара тәжірибе алмасуға, жергілікті мәселелерді шешу жолдарын анықтауға, тиімді тәсілдерді іздеуге көмек беретін жақсы алаң деп есептеймін. Сондай-ақ, азаматтардың сенімі мен үмітін ақтау жолындағы «AMANAT» партиясының кезекті жаңаруы деуге негіз бар.

Нұрғиса ЖАЛҒАСБАЕВ,
Қазалы аудандық мәслихатының депутаты,
«AMANAT» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы,
форум делегаты



Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына орай

СУДЬЯ БОЛУ ЗОР МӘРТЕБЕ

Қазақстан құқықтық мемлекет болғандықтан, мемлекетіміздің басты кейіпкері соттар екені белгілі. Сот жүйесіндегі жаңа өзгерістер қоғамның сот қызметіне деген сенімін арттырып келеді. Сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз ететін жауапты тұлға – судья. Судья заң талабына сүйеніп әділ шешім қабылдаушы тұлға ғана емес, үлкен мәдениет пен парасат иесі де болуы керек.

Ауданымызда кәсіби деңгейі жоғары, білікті судьялар аз емес. Соның бірі он жылдан астам уақыт сот саласында қажырлы еңбек еткен терең білімді, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай іскерлігімен танылған Сот жүйесінің ардагер судьясы Мұхиядин Сқақұлы Жақыпов.

Мұхиядин Сқақұлы 1946 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. 1968 жылы Алматы қаласындағы политехникалық техникумды есепші мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, 1971 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетіне түсіп, 1976 жылы «Заңгер» мамандығын алған.

Университет бітіргеннен кейін 1976-1977 жылдары Көкшетау облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде бас

инспектор қызметін атқарған. 1977-1987 жылдары Қызылорда облыстық прокуратурасында прокурор көмекшісі, кейіннен тергеуші қызметін атқарған.

1987-1992 жылдары Байқоңыр космодромына қарасты әскери бөлімдерде қызметте болып, 1992-1993 жылдары Байқоңыр қаласының мемлекеттік нотариусы, Байқоңыр қалалық әділет бөлімінің бас консультанты қызметін атқарған.

1994 жылдан 1996 жылдың тамыз айына дейін Байқоңыр қалалық әділет бөлімінің бастығы қызметін атқарған.

1996-1998 жылдары «Байқоңыр мұнай өнімдері» АҚ-ның заң кеңесшісі, 1998 жылдың тамыз айынан 1999 жылдың қараша айына дейін Қызылорда облыстық әділет басқармасының бөлім бастығы болып қызмет атқарған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 16 қараша 1999 жылғы №264 Жарлығымен Қазалы аудандық сотының судьясы болып тағайындалып, 2009 жылдың шілде айында зейнет демалысына шыққан.

2009 жылдан Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, 2016-2022 жылдар аралығында Қазалы аудандық заң консультациясының меңгерушісі болып қызмет

атқарды.

Прокуратура мен әділет органдарындағы жан-жақты практикалық қызмет, терең білім мен мол тәжірибенің судья болған кезде зор пайдасы тиді.

Мұхиядин Сқақұлы сот жүйесіндегі қызметінде әділ сот билігінің символы бола білді. Оның адамгершілік қасиеті кәсібіне деген адалдығымен ұштасып жатты. Небір күрделі, шытырманға толы үлкен істерді зор кәсіби дайындықпен келіп, қаралып жатқан дауға қатысты барлық мән-жайларды жан-жақты зерттеп, зерделеп әділ шешім шығаратын.

Әлбетте, азаматтық сот ісін жүргізуде дауласушы екі тараптың бірі сот шешімімен келіспейтін жағдайлары жиі кездесетін жағдай. Мұхиядин Сқақұлының бұл саладағы шешіміне дауласушы екі тараптың біреуінің дау айтқан жағдайлары сирек болды.

Судьяларға Заң атынан әділеттілік үшін әрекет ету сеніп тапсырылған, бұл оларға екі есе жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, судьялар жұмысындағы қателіктер әрбір адам үшін қымбатқа түседі.



«Еңбек ету бар, еңбекті бағалау бар» дегендей, Мұхиядин Сқақұлының сот төрелігін атқару ісіне қосқан қажырлы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Өткен жылы ауданымыздың Құрметті азаматы атағы берілді.

Мұхиядин Сқақұлы өмірлік жары, ауданымызға белгілі ұлағатты ардагер ұстаз Әбішева Мәуе екеуі балалары мен немерелерін тәрбиелеп өсірген бақытты шаңырақ иесі, ауданымыздың белгілі азаматы.

Махамбетали БЕКҚОЖА,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің басшысы

МАЛ ДӘРІГЕРІ МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ДАМУДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Ауылдағы ағайынның бірден-бір күн көріс көзіне айналған төрт түлік малдың саны жылдан жылға артып келеді. Мал басы көбейген сайын оның ауруларының түрлері де сан алуан көрініс беріп отыр.

Ветеринария қызметі-халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау жөніндегі қалқан болып табылады. Олар адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті аурулардың алдын алу жөніндегі функцияларды орындап, тамақ өнімдерінің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес аудандардың ветеринария саласындағы бөлімдері таратылып, оның барлық міндеттері облыстық деңгейге өтті. Сөйтіп, облыс әкімдігінің ветеринария басқармалары-аудандардағы ветеринариялық станциялардың қызметін үйлестіруді, ішкі бақылауды, бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды, материалдық-техникалық жабдықтауды жүзеге асырып келеді.

Мал шаруашылығы саласының, оның мемлекеттік бағдарламаларының орындалуы ветеринарлық қызмет

көрсету сапасын жақсартуға, мал ауруларының азаюына тікелей байланысты.

Мал басын бірдейлендіру-ветеринария саласындағы атқарылатын міндетті және жауапты жұмыстардың бірі. Мал иелері қорасындағы төрт түлік малдарына уақытылы вакцина ектіруге, диагностикалық тексерту жүргізу және бірдейлендіруге аса мән беруі қажет.

Осы мақсатта ветеринар мамандар үй мен қораны жағалап жүреді. Әркімнің жауапкершілігі әртүрлі. Келіскен уақытта үй иелері болмай қалады. Қорадағы мал түгел болмай шығады. Сұраса өрісте жүр дейді. Бір күнде бітітетін шаруаға екі-үш күнін жоғалтып жатады. Алыс ауылдарда құмның арасындағы малдарын жасыратындар да бар. Төрт түлік малдар сырғаланбаса немесе таңбаланбаса есепте жоқ болып табылады. Мал иесі бірдейлендіруден өткеннен кейін барып ауыл шаруашылығы саласындағы көмек алуға толық мүмкіндігі болатынын ескерген жөн. Мал иелері жануарларын уақытында, толық жинақтамау салдарынан, аса қауіпті жұқпалы және энзоотиялық ауруларға қарсы алдын ала егу, диагностикалық тексеруге қан

алу жұмыстарын жүргізу барысында қиыншылықтар орын алады.

Мал ауруларын болдырмау тек ветеринар мамандардың ғана ісі емес. Жануарлар иесі ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес, уақытылы вакцинация, диагностика жасатуға, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге міндетті. Сонымен қатар, қора-жайларды таза ұстап, жем-шөп сақтауда қоршаған ортаның ластануына жол бермей, зоогигиеналық талаптарды сақтауы тиіс. Сонымен бірге жануарларды сатып алғанда, сойғанда немесе сатуға өткізгенде, сойғаннан кейін ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай сатуға, объектілерге ветеринариялық тексеру жүргізуге кедергі келтірмеуге, сондай-ақ, төл алғанда, жануарлар ауырған жағдайда ветеринария саласындағы мамандарға хабарлауға міндетті.

Ветеринарлардың күндегі атқарып отырған жұмыстарының маңызы өте зор. Қазақ саулық сұрасқанда ең бірінші «Мал-жан аман ба?» деуі тегін емес. Себебі, мал-халықтың тұрмыс-тіршілігінің

күнкөріс көзі.

Асырап отырған малының саулығы ол отбасының ғана емес, бүкіл халықтың саулығының негізі. «Ауру астан» дегендей, адам денсаулығынан артықештеңе жоқ. Сонымен бірге мал шаруашылығы экономиканы алға сүйрейтін салалардың бірі. Ветеринар мамандар осы саланың ақсамауына, қауіпті ауру түрлерінің тарамауына, мал өнімдерінің таза болуына күнделікті жұмыс жүргізеді. Академик К.Скрябиннің «Медицина адамды емдесе, ветеринария бүкіл адамзатты емдейді» деген қанатты сөзін әрқашан да жадымызда ұстауға тиіспіз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып отыр. Бұл тұжырымдамаға сәйкес мал дәрігері мамандығының ауыл аймақтарды дамытудағы алатын орны, мемлекет тарапынан берілетін қолдаулар айқындалады.

С.ҚУАТОВ,
Қазалы аудандық ауыл
шаруашылығы және жер
қатынастары бөлімі
басшысының
орынбасары

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТІМ ШЕКСІЗ

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттік орган-да белгіленген тәртіппен қызметті иеленген және мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыру мақсатында қызметтік өкілеттілігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілерге үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан, адам құндылығына қызмет ету қашанда мерейлі екенін ойласақ, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсіби шеберліктеріне сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашанда қиын.

Соған қарамастан, қазіргі жаһанданудың өрелі биігіне қол созған кезде тәуелсіз

елімізді өркендету жолында еселі еңбек етіп жатқан әрбір мемлекеттік қызметшілерге ризашылық (білдіремін) білдіргеніміз абзал. Себебі, мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әрбір жұмысына қарап, халық баға береді. Халықтың оң бағасын алу әрбір адам үшін үлкен мәртебе деп білемін.

«Ұлық болсаң, кішік бол», - демекші мекемеге келген азаматтардың сұранысына қарай, кішіпейілділікпен қарсы алып, шығарып салуды өсиет ретінде айтып та, үйретіп те жүрген өздерінің дара жолдары бар біз білетін және білмейтін де қаншама жандар бар.

Солардың ішінде қызметтің қай саласында болмасын

өзінің қарапайымдылығымен, іскерлігімен, адамгершілігімен қызметте сыйлы болған марқұм Шаттық Ахметұлы Ахметовті және ауылшаруашылығы саласының үздігі Әмірхан Шарапұлы Орналиевті ерекше атап өткім келеді.

Себебі, алғаш қызметке орналасқан уақытта осы тұлғалардың білімділігіне, басшылық жасау қабілеттіліктеріне, халыққа ыстық ықыласпен көрсеткен қызметтеріне қарап, мемлекеттік қызметші осындай болу керек екен деген ой түйген уақыт болған еді.

Осы кісілердің қандай қызмет атқарсада қарапайымдылық, біліктілік, адамгершілік қасиеттерге ие болып, халық үшін, еліміз үшін деп жасаған еңбектерін өте жоғары бағалауға болады.

«Елім маған не береді деп емес, мен елім үшін не

бере аламын», - деп аянбай қызмет еткен осындай тұлғалардың жолын іздерінен ерген жандарға, яғни біздерге берсін деп тілеймін. Өз ісін жетік меңгерген, мамандығына адал мемлекеттік қызметшілер елге қызмет еткенде ғана, алға қойған мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Сондықтан, Президентіміздің жүктеп отырған асқаралы жауапкершілікті ақтау – біздің асыл парызымыз деп білемін. Және де осы салада жүрген әрбір азаматтар мен азаматшалардың еңбектеріне жеміс, отбастарына амандық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріне сәттілік тілеймін.

Ардақ БАЙДЕНЕСОВА,
Қазалы ауданының
кәсіпкерлік,
өнеркәсіп және туризм
бөлімінің
бас маманы

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Ауданымыздың су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзені мен суға түсуге тиым салынған жерлерде жыл сайын азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайлары орын алуда. Жаз айларында суға түсу маусымында адам қазасының көбеюі өзекті мәселе болып отыр. Жалпы төтенше жағдайлардың түрі бойынша адамдардың судағы қазасы бірінші орында тұр.

2023 жылы ауданаумағында суға шомылуға рұқсат етілмеген жерлерде 3 адам қаза болды. Адамдардың суда қаза болуының негізгі себебі белгіленбеген жерлерде суға түсу және балық аулау кезіндегі қауіпсіздіктің сақталмауы.

2023 жылы 26 сәуір күні Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылдық округі, «Тасарық» аулы, Ш.Қанатбаев көшесі, №3 үйдің тұрғыны Бөлекбаев Жарылқасын Жадырасынұлы балық аулау кезінде «Тасарық» аулынан 10 шақырым қашықтықтағы «Мәриям» көліне (тереңдігі-3-4 м, көлемі-2000 ш/м) суға батып кеткен.

2023 жылы 3 маусым күні Қазалы ауданы, «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би

аулы, А.Нұрпейісов көшесі, №26 үйдің тұрғыны Орынбасаров Өркен Орынбасарұлы Бекарыстан би аулынан 11 шақырым қашықтықтағы «Қотан» көліне (тереңдігі-2-7 м, көлемі-1080 га) жайылмалы суынан қамыс оруға барып суға батып кеткен.

2023 жылы 30 мамыр күні «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би аулы, Ғ.Мұратбаев көшесінің бойындағы «Қараарық» суармалы каналына (тереңдігі-1,5-2м, ені-4-5м) Бекарыстан би аулы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №38 үйдің тұрғыны Бақытбекұлы Ерасыл (Ү.Түктібаев атындағы №24 мектептің 4-сынып оқушысы) абайсызда құлап кетіп суға батып кеткен.

Су – тіршілік көзі, ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес. Алайда ата – бабаларымыздың от пен су – тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. ҚР ІІМ-нің Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, аналардың жаз маусымын-

да балаларын қадағалаусыз қалдырмау жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстарына қарамастан адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр емес.

Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар:

- суға ауаның температу-расы 25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
- тек арнайы жағажайларда ғана шомыл;
- суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
- судан әлсін – әлсін шығып демал;
- қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
- қол – аяқ тырысқанда үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;
- судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыс бойынша малтып жағаға қарай жүзуге тырыс;
- су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;

- арақ – шарап ішіп, суға түсуге қатаң тыйым салынады;
- егер шаршасаң дереу судан шық;
- бейтаныс жерден суға секірме;
- терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;
- суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімінің
бастығы, азаматтық қорғау
подполковнигі

● Хабарландыру

2023 жылдың 14 шілде күні сағат 10:00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Аудандық полиция бөлімінің 2023 жылдың жарты жылдығы бойынша атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы;
2. Қазалы ауданы бойынша 2023 жылғы шағын және орта бизнесті дамыту бойынша атқарылған жұмыстары туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Газетіміздің келесі саны 11 шілде, сейсенбі күні шығады

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.